

Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жайлар беру және Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 13 наурызыдағы № 6-231 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылды 27 наурызда № 3117 болып тіркелді

**РҚАО ескертпесі.**

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4 және 6 - тармақтарына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй – жайлар осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес берілсін.
2. Талдықорған қалалық сайлау комиссиясымен (Дәulet Әbdібекұлы Жұнісов келісім бойынша) бірлесіп Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
3. "Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Малдыбай Молдыбайұлы Қалиев) Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар стендермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарақтандырылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Найманбайұлы Бұлдыбаевқа жүктелсін.
5. Талдықорған қаласы әкімінің аппарат басшысы Марлен Қапашұлы Көлбаевқа осы қаулының ресми жариялануын әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет – ресурста және қала әкімдігінің интернет-ресурста, сондай-ақ, қала әкімдігінің нормативтік құқықтық қаулыларын және қала әкімінің нормативтік құқықтық шешімдерін ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспа басылымы "Талдықорған" газетінде жүзеге асырсын.
6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі.

Талдықорған қаласының әкімі

E. Алпысов

Қала әкімдігінің 2015 жылғы "13" наурызыда "

Қазақстан Республикасы Президенттігіне  
кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін  
шарттық негізде үй-жайлар беру және Қазақстан  
Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін  
үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін  
орындар белгілеу туралы" № 6-231 қаулысына 1-  
қосымша

### Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар

№	Үй – жайлар	Мекен-жайы
1.	"Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241 үй, 1 қабат
2.	Нұргиса Тлендиев атындағы балалар саз мектебінің мәжіліс залы	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 270 үй
3.	"Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 272 үй
4.	Илияс Жансұғиров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің мәжіліс залы	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 254 үй

Қала әкімдігінің 2015 жылғы "13" наурызыда "

Қазақстан Республикасы Президенттігіне  
кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін  
шарттық негізде үй-жайлар беру және Қазақстан  
Республикасы Президенттігіне кандидаттар үшін  
үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін  
орындар белгілеу туралы" № 6-231 қаулысына 2 -  
қосымша

### Кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Орындар	Мекен – жайы
Талдықорған қаласы бойынша		
1.	"Медицина колледжі" қоғамдық көліктің аялдамасының аумағындағы стенд	"Жетісу" шағын ауданы
2.	"Шевченко көшесі" қоғамдық көліктің аялдамасы аумағындағы стенд	Тәуелсіздік көшесінде Шевченко көшесімен қиылсызында
3.	"Самал" қоғамдық көліктің аялдамасы аумағындағы стенд	"Самал" шағын ауданы
4.	"Мектеп" қоғамдық көліктің аялдамасы аумағындағы стенд	Белов көшесінде
5.	"№9 әскери қалашық" қоғамдық көліктің аялдамасы аумағындағы стенд	№ 9 әскери қалашық
Еркін ауылдық округінің аумағында		
6.	"Дүкен" қоғамдық көліктің аялдамасы аумағында	Еркін ауылы, Сүлеев көшесінде

Отенай ауылдық округінің аумағында

7. Ауылдық - дәрігерлік амбулаторияның ғимаратының  
жанындағы стенд

Отенай ауылы, Тұңғатов көшесінде

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК